**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй бағдарламалары операторларының санын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**
**Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша**
**САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ**
**(екінші оқылым)**

| № р/с | Құры-лымдық элемент | Заңнамалық актінің редакциясы | Жобаның редакциясы | Ұсынылып отырған өзгерістің немесе толықтырудың редакциясы | Өзгерістің немесе толықтырудың автор және оның негіздемесі | Бас комитеттің шешімі. Негіздеме (қабылдан-баған жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| ***3. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі)*** | | | | | | |
| 1. | Жоба-ның 1-бабы-ның 3-тармағы<br><br>*«Салық және бюджетке төле-нетін басқа да* | 241-бап. Жылдық жиынтық кірісті түзету<br><br>1. Салық төлеушілердің жылдық жиынтық кірісінен:<br>…<br>4) **Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры** кепілдікті жағдайларды реттеу үшін резервті ұлғайтуға бағытталған қаражат шегінде алған кепілдікті | 3. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., ...):<br>241-баптың 1-тармағында:<br>4) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:<br>«4) «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан | Жобаның 1-бабының 3-тармағы **алып тасталсын.**<br><br>*Одан арғы тармақтардың нөмірленуі тиісінше өзгертілсін* | **Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті**<br>**Қаржы және бюджет комитеті**<br><br>«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 3-бабының | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексінің (Салық кодексі) 241-бабы* | жарналар сомасы;<br>…<br>7) **Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры** тұрғын үйлердің (тұрғын үй ғимараттарының) құрылысы аяқталғаннан кейін төлемдер бойынша талаптарды қанағаттандыру тәртібімен алған ақша сомасы;<br>…<br>22) «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорының** кепілдікті жағдайларды реттеу үшін резервті ұлғайтуға бағытталған қаражат шегіндегі инвестициялық кірістері; | Республикасының Заңына сәйкес **Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы** кепілдікті жағдайларды реттеу үшін резервті ұлғайтуға бағытталған қаражат шегінде алған кепілдікті жарналар сомасы;»;<br>«7) «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы** көппәтерлі тұрғын үйлердің құрылысы аяқталғаннан кейін төлемдер бойынша талаптарды қанағаттандыру тәртібімен алған ақша сомасы;»;<br>22) тармақшадағы **«Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорының»** деген сөздер **«Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының»** деген сөздермен ауыстырылсын. | | 4-тармағына сәйкес осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар құқықтық реттеудің дербес нысанасын қамтитын заңдардың мәтіндеріне қосылмайды. | |
| ***4. «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы*** | | | | | | |
| 2. | Жобаның 1-бабы 4-тармағы 1) | 5-1-бап. Ипотекалық ұйымды құру<br>...<br>2. Ипотекалық ұйымның | 1) 5-1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:<br>«Осы тармақтың бірінші және | «**операторы**» деген сөз «**операторына**» деген сөзбен ауыстырылсын;<br>«**болып табылатын** | **Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тармақшасының екінші абзацы<br><br>*«Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» ҚР Заңының 5-1-бабы* | атауында «ипотекалық ұйым» деген сөздер болуға тиіс.<br>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ипотекалық ұйым ретінде тіркелмеген заңды тұлға ипотекалық ұйым деп аталына алмайды. | екінші бөліктерінде көзделген талаптар Тұрғын үй құрылысының **бірыңғай операторы болып табылатын ипотекалық ұйымға** қолданылмайды.»; | **ипотекалық ұйымға**» деген сөздер алып тасталсын.<br><br>*Қаралып жатқан тармақтың бүкіл мәтіні бойынша осындай түзетулер көзделсін.* | Заң жобасының 1-бабы 7-тармағының 2) тармақшасы екінші абзацының ережелерін қайталауды болғызбау мақсатында. | |
| 3. | Жобаның 1-бабы 4-тармағының 2) тармақшасы<br><br>*«Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы»* | 5-2-бап. Ипотекалық ұйымның қызметі<br>…<br>**4-1. Жоқ.**<br>...<br>6. Ипотекалық ұйымға:<br>1) қаржы ұйымдарының;<br>2) акциялары Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының тізіміне листингтің ең жоғарғы санаты бойынша енгізілген, қаржылық ұйымдар болып табылмайтын заңды | 2) 5-2-бапта:<br>мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:<br>«4-1. Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы **болып табылатын ипотекалық ұйым** осы баптың 1, 2, 4 және 5-тармақтарында көзделген қызметтен бөлек, **астананың жергілікті атқарушы органының уәкілетті ұйымына, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік бағдарламалар** шеңберінде құрылысты жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қарыз | Мынадай редакцияда жазылсын:<br><br>«мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:<br>«4-1. Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы осы баптың 1, 2, 4 және 5-тармақтарында көзделген қызметпен **және операциялармен қатар:**<br>**1) «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған** уәкілетті | **Депутаттар**<br>**С.Қ. Ахметов**<br>**З.Я. Балиева**<br>**Н.В. Жұмаділдаева**<br>**У.А. Қайназаров**<br>**С.Ә. Қаныбеков**<br>**Ж.Қ. Омарбекова**<br>**Н.С. Сабильянов**<br>**А.П. Рау**<br>**Г.Г. Шиповских**<br><br>Заң техникасы. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *ҚР Заңының 5-2-бабы* | тұлғалардың;<br>3) ипотекалық ұйымдардың қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алудан басқа жағдайларда, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алуға тыйым салынады.<br>**Жоқ.** | беру жөніндегі қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамасында көзделген **қызмет түрлерін** жүзеге асыруға құқылы.»;<br>6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:<br>«Осы тармақта көзделген талаптар Тұрғын үй құрылысының бірыңғай **операторы болып табылатын ипотекалық ұйымға** қолданылмайды.»; | **ұйымға және тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламалары** шеңберінде құрылысты жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қарыздар **беруге**;<br>**2)** Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы**, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде және жарғыда** көзделген **қызметті** жүзеге асыруға құқылы.».<br>6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:<br>«Осы тармақ**тың бірінші бөлігінде** көзделген тала**п** Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторына қолданылмайды.»; | Республикасы Заңының 1-бабының 18-1) тармақшасына, сондай-ақ заң жобасының 1-бабы 4-тармағы 4) тармақшасының екінші абзацына сәйкес келтіру.<br>Заң жобасының 1-бабы 7-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацына және 3) тармақшасының он бірінші абзацына сәйкес келтіру.<br>Уәкілетті органның құзыреті бөлігінде заң жобасының 1-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына енгізілген толықтыруға сәйкес келтіру. | |
| 4. | Жобаның 1-бабы 4-тармағы 3) тармақшасының екінші | 5-3-бап. Уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құзыреті<br>…<br>**1-2. Жоқ.** | 3) 5-3-бап мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:<br>«1-2. Уәкілетті орган Тұрғын үй құрылысының бірыңғай **операторы болып табылатын ипотекалық ұйымға** қатысты осы Заңның 5-2-бабының 1, 2, 4, | Мынадай редакцияда жазылсын:<br><br>«1-2. Уәкілетті орган Тұрғын үй құрылысының бірыңғай **операторына** қатысты осы Заңның 5-2-бабының 1, 2, 4- | **Депутаттар**<br>**С.Қ. Ахметов**<br>**З.Я. Балиева**<br>**Н.В. Жұмаділдаева**<br>**У.А. Қайназаров**<br>**С.Ә. Қаныбеков**<br>**Ж.Қ. Омарбекова** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | абзацы<br><br><br><br>*«Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» ҚР Заңының 5-3-бабы* | | **4-1** және 5-тармақтарында көзделген **қызмет** бөлігінде осы баптың 1-тармағында көзделген өкілеттікті жүзеге асырады.»; | **тармақтарында** және 4-1-**тармағының 1) тармақшасында** көзделген қызмет **пен операциялар** бөлігінде осы баптың 1-тармағында көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады.». | **Н.С. Сабильянов**<br>**А.П. Рау**<br>**Г.Г. Шиповских**<br><br>«Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-2-бабына енгізілген толықтыруға байланысты уәкілетті органның (қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын) өкілеттіктерін нақтылау мақсатында. | |
| 5. | Жобаның 1-бабы 4-тармағының 4) тармақшасы<br><br><br><br>*«Жылж* | 5-5-бап. Тұрғын үй құрылысы бағдарламалары шеңберінде ипотекалық кредит беру саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары<br><br>Ипотекалық кредит беру саласындағы мемлекеттік қолдау халыққа екінші деңгейдегі банктер берген | 4) 5-5-бап мынадай редакцияда жазылсын:<br>«5-5-бап. Тұрғын үй құрылысы бағдарламалары шеңберінде **ипотекалық кредит беру саласындағы** мемлекеттік қолдау шаралары<br>**Ипотекалық кредит беру саласындағы** мемлекеттік қолдау:<br>халыққа екінші деңгейдегі | Мынадай редакцияда жазылсын:<br><br>«4) 5-5-бап мынадай редакцияда жазылсын:<br>«5-5-бап. Тұрғын үй құрылысының **мемлекеттік** бағдарламалары шеңберіндегі мемлекеттік қолдау шаралары<br><br>Мемлекеттік қолдау **тұрғын** | **Депутаттар**<br>**С.Қ. Ахметов**<br>**З.Я. Балиева**<br>**Н.В. Жұмаділдаева**<br>**У.А. Қайназаров**<br>**С.Ә. Қаныбеков**<br>**Ж.Қ. Омарбекова**<br>**Н.С. Сабильянов**<br>**А.П. Рау**<br>**Г.Г. Шиповских** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *ымайтын мүлік ипотекасы туралы» ҚР Заңының 5-5-бабы* | ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы субсидиялау жолымен тұрғын үй құрылысы бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылады. | банктер берген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы субсидиялау;<br>тұрғын үй құрылысын **жүзеге асыру** мақсатында **заңды тұлғаларға берілген кредиттер** бойынша сыйақы мөлшерлемелерін квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы субсидиялау жолымен мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылады.»; | **үй құрылысының** мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде:<br>халыққа екінші деңгейдегі банктер берген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы субсидиялау;<br>тұрғын үй құрылысының мақсаттары үшін **жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін** кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлеме**сін** квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы субсидиялау арқылы жүзеге асырылады.». | Заң техникасы. Баптың тақырыбын оның мазмұнына сәйкес келтіру, сондай-ақ заң жобасы 1-бабы 4-тармағының нормаларын біркелкі жазу мақсатында.<br>Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 94-бабына сәйкес келтіру. | |
| 6. | Жобаның 1-бабы 4-тармағының 5) тармақшасы<br><br>*«Жылж* | 5-6-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның құзыреті<br><br>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган тұрғын үй құрылысын ынталандыру мақсатында тұрғын үй **құрылысы** | 5) 5-6-бапта:<br>1) тармақша «субсидиялауды» деген сөзден кейін «, сондай-ақ тұрғын үй құрылысын **жүзеге асыру** мақсатында **заңды тұлғаларға берілген** кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлеме**лер**ін субсидиялауды» деген сөздермен толықтырылсын;<br>2) тармақша «қағидаларын» | Мынадай редакцияда жазылсын:<br><br>«5) 5-6-бапта:<br><br>бірінші абзацтағы «**құрылысы**» деген сөз «**құрылысының мемлекеттік»** деген сөздермен ауыстырылсын; | **Депутаттар<br>С.Қ. Ахметов<br>З.Я. Балиева<br>Н.В. Жұмаділдаева<br>У.А. Қайназаров<br>С.Ә. Қаныбеков<br>Ж.Қ. Омарбекова<br>Н.С. Сабильянов<br>А.П. Рау<br>Г.Г. Шиповских** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *ымайтын мүлік ипотекасы туралы» ҚР Заңының 5-6-бабы* | бағдарламалары шеңберінде:<br>1) халыққа екінші деңгейдегі банктер берген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін **субсидиялауды** жүзеге асырады;<br>2) халыққа екінші деңгейдегі банктер берген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін өтеу үшін квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы субсидиялар беру **қағидаларын** әзірлейді және оларды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді. | деген сөзден кейін «және тұрғын үй құрылысы мақсатында екінші деңгейдегі банктер жеке кәсіпкерлік субъектілеріне берген кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларын» деген сөздермен толықтырылсын. | 1) тармақшадағы «субсидиялауды» деген сөз «**квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы** субсидиялауды, сондай-ақ тұрғын үй құрылысының мақсаттары үшін **жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін** кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлеме**сін** квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы субсидиялауды» деген сөздермен толықтырылсын;<br><br>2) тармақша «қағидаларын» деген сөзден кейін «**, сондай-ақ** тұрғын үй құрылысының мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін **квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы** субсидиялау қағидаларын» деген сөздермен толықтырылсын. | Заң техникасы. Заң жобасының 1-бабы 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес келтіру. | |
| ***7. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы*** | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7. | Жобаның 1-бабы 7-тармағының 1) тармақшасы<br><br>*«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңы* | | 1) бүкіл мәтін бойынша «құрылысына кепілдік беру қорының», «құрылысына кепілдік беру қорында», «құрылысына кепілдік беру қорына», «құрылысына кепілдік беру қоры» деген сөздер тиісінше «құрылысының бірыңғай операторының», «құрылысының бірыңғай операторында», «құрылысының бірыңғай операторына», «құрылысының бірыңғай операторы» деген сөздермен ауыстырылсын; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br><br>«1) бүкіл мәтін бойынша «құрылысына кепілдік беру қорының», «құрылысына кепілдік беру қорында», «құрылысына кепілдік беру қорына», «құрылысына кепілдік беру қоры», «Кепілдік беру қоры», «Кепілдік беру қорын», «Кепілдік беру қорынан», «Кепілдік беру қорының», «Кепілдік беру қорына», «Кепілдік беру қорымен», «Кепілдік беру қорында» деген сөздер тиісінше «құрылысының бірыңғай операторының», «құрылысының бірыңғай операторында», «құрылысының бірыңғай операторына», «құрылысының бірыңғай операторы», «Бірыңғай оператор», «Бірыңғай операторды», «Бірыңғай оператордан», «Бірыңғай оператордың», «Бірыңғай операторға», «Бірыңғай оператормен», «Бірыңғай операторда» деген сөздермен ауыстырылсын;». | **Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті**<br><br>Редакциялық түзету. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8. | Жобаның 1-бабы 7-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацы<br><br>*«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының 1-бабы* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>…<br>9) Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры (бұдан әрі – Кепілдік беру қоры) – жарғылық капиталына мемлекет тікелей немесе жанама қатысатын, акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанындағы, кепілдік беру жағдайы туындаған кезде құрылысты аяқтауға және үлескерлерге көппәтерлі тұрғын үйдегі үлестерін беруге кепілдік беретін коммерциялық емес ұйым; | 2) подпункт 9) статьи 1 мынадай редакцияда жазылсын:<br>2) 1-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:<br>«9) Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) – жарғылық капиталына мемлекет тікелей немесе жанама қатысатын, өз қызметін осы Заңның, «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, жарғының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негізінде жүзеге асыратын, мақсаты мемлекеттің Қазақстан Республикасы халқына тұрғын үйдің қолжетімді болуын қамтамасыз ету саласындағы саясатын ипотекалық кредиттеу, жалға тұрғын үй беру, үлестік тұрғын үй құрылысын дамыту тетіктері арқылы жүзеге асыру, сондай-ақ қаржы ресурстарының құрылыс саласы үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ету болып табылатын ипотекалық ұйым;»; | Жобаның 1-бабы 7-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацында ұсынылған негізгі ұғым қазақ тілінде әліпбилік тәртіппен орналастырылсын, орыс тіліндегі мәтін соған сәйкес келтірілсін. | **Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті**<br><br>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 7-тармағына сәйкес келтіру. | **Қабылданды** |
| 9. | Жобаның 1-бабы 7-тарма- | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар | 2) подпункт 9) статьи 1 мынадай редакцияда жазылсын:<br>2) 1-баптың 9) тармақшасы | **«, өз қызметін осы Заңның, «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы»** | **Экономикалық реформа және өңірлік даму** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ғы 2) тармақшасының екінші абзацы<br><br>*«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының 1-бабы* | Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>…<br>9) Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры (бұдан әрі – Кепілдік беру қоры) – жарғылық капиталына мемлекет тікелей немесе жанама қатысатын, акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанындағы, кепілдік беру жағдайы туындаған кезде құрылысты аяқтауға және үлескерлерге көппәтерлі тұрғын үйдегі үлестерін беруге кепілдік беретін коммерциялық емес ұйым; | мынадай редакцияда жазылсын:<br>«9) Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) – жарғылық капиталына мемлекет тікелей немесе жанама қатысатын**, өз қызметін осы Заңның, «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, жарғының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негізінде жүзеге асыратын,** мақсаты мемлекеттің Қазақстан Республикасы халқына тұрғын үйдің қолжетімді болуын қамтамасыз ету саласындағы саясатын ипотекалық кредиттеу, жалға тұрғын үй беру, үлестік тұрғын үй құрылысын дамыту тетіктері арқылы жүзеге асыру, сондай-ақ қаржы ресурстарының құрылыс саласы үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ету болып табылатын ипотекалық ұйым;»; | **Қазақстан Республикасы Заңының, жарғының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің және жарғының негізінде жүзеге асыратын,**» деген сөздер **алып тасталсын.** | **комитеті**<br><br>Заң техникасы.<br>Заң жобасының 1-бабы 7-тармағы 3) тармақшасының он бірінші абзацын қайталауды болғызбау мақсатында. | |
| 10. | Жобаның 1-бабы 7-тармағы 2) тармақшасының | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: | 2) подпункт 9) статьи 1 мынадай редакцияда жазылсын:<br>2) 1-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:<br>«9) Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы (бұдан әрі – | «**мемлекеттің Қазақстан Республикасы халқына тұрғын үйдің қолжетімді болуын қамтамасыз ету саласындағы саясатын ипотекалық кредиттеу,** | **Депутаттар**<br>**С.Қ. Ахметов**<br>**З.Я. Балиева**<br>**Н.В. Жұмаділдаева**<br>**У.А. Қайназаров**<br>**С.Ә. Қаныбеков** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | екінші абзацы<br><br>*«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының 1-бабы* | …<br>9) Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры (бұдан әрі – Кепілдік беру қоры) – жарғылық капиталына мемлекет тікелей немесе жанама қатысатын, акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанындағы, кепілдік беру жағдайы туындаған кезде құрылысты аяқтауға және үлескерлерге көппәтерлі тұрғын үйдегі үлестерін беруге кепілдік беретін коммерциялық емес ұйым; | Бірыңғай оператор) – жарғылық капиталына мемлекет тікелей немесе жанама қатысатын, өз қызметін осы Заңның, «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, жарғының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негізінде жүзеге асыратын, мақсаты **мемлекеттің Қазақстан Республикасы халқына тұрғын үйдің қолжетімді болуын қамтамасыз ету саласындағы саясатын ипотекалық кредиттеу, жалға тұрғын үй беру, үлестік тұрғын үй құрылысын дамыту тетіктері арқылы жүзеге асыру**, сондай-ақ қаржы ресурстарының құрылыс саласы үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ету болып табылатын ипотекалық ұйым;»; | **жалға тұрғын үй беру, үлестік тұрғын үй құрылысын дамыту тетіктері арқылы жүзеге асыру**» деген сөздер **«Қазақстан Республикасының халқына тұрғын үйдің қолжетімді болуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты ипотекалық кредиттеу және жалға берілетін тұрғын үйді беру, үлестік тұрғын үй құрылысын дамыту тетіктері арқылы іске асыруға қатысу»** деген сөздермен ауыстырылсын. | **Ж.Қ. Омарбекова**<br>**Н.С. Сабильянов**<br>**А.П. Рау**<br>**Г.Г. Шиповских**<br><br>Редакциясын нақтылау. | |
| 11. | Жобаның 1-бабы 7-тармағы 3) тармақшасының үшінші абзацы | 24-бап. Кепілдік беру қоры<br><br>1. Кепілдік беру қоры өз қызметін осы Заңның, жарғының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негізінде жүзеге | 3) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:<br>«24-бап. Бірыңғай оператор<br>**1. Бірыңғай оператор өз қызметін осы Заңның, жарғының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негізінде жүзеге** | Жобаның 1-бабы 7-тармағы 3) тармақшасының үшінші абзацы **алып тасталсын.** | **Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті**<br><br>Заң жобасының 1-бабы 7-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацын | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының 24-бабы* | асырады. | **асырады.** | | қайталауды болғызбау мақсатында. | |
| 12. | Жобаның 1-бабы 7-тармағы 3) тармақшасының бесінші абзацы<br><br>*«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының 24-бабы* | 24-бап. Кепілдік беру қоры<br>...<br>2. Көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысын аяқтауға кепілдіктер беру Кепілдік беру қорының негізгі қызмет түрі болып табылады. | 3) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:<br>«24-бап. Бірыңғай оператор<br>...<br>Бірыңғай оператор «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген **қызметтен бөлек,** мына қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы: | Мынадай редакцияда жазылсын:<br><br>«Бірыңғай оператор «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қызмет**пен және операциялармен қатар** мына қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:». | **Депутаттар**<br>**С.Қ. Ахметов**<br>**З.Я. Балиева**<br>**Н.В. Жұмаділдаева**<br>**У.А. Қайназаров**<br>**С.Ә. Қаныбеков**<br>**Ж.Қ. Омарбекова**<br>**Н.С. Сабильянов**<br>**А.П. Рау**<br>**Г.Г. Шиповских**<br><br>Заң жобасының 1-бабы 4-тармағының 4) тармақшасына енгізілген түзетулерге сәйкес келтіру. | **Қабылданды** |
| 13. | Жобаның 1-бабы | 24-бап. Кепілдік беру қоры | 3) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын: | Жобаның 1-бабы 7-тармағы 3) тармақшасының тоғы- | **Экономикалық реформа және** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 7-тармағы 3) тармақшасының тоғызыншы абзацы<br><br>*«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының 24-бабы* | …<br>**Жоқ** | «24-бап. Бірыңғай оператор<br>…<br>Бірыңғай оператор «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қызметтен бөлек, мына қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:<br>…<br>**сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жобалау қызметі және құрылыс-монтаж жұмыстары;**<br>… | зыншы абзацы **алып тасталсын.** | **өңірлік даму комитеті**<br><br>Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес мемлекет тиісті тауар нарығында ұқсас не өзара алмастырылатын тауарды өндіруді және (немесе) өткізуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектісі (субъектілері) болмаған жағдайларда кәсіпкерлік қызметке қатысады.<br>Осыған байланысты, заң жобасының 1-бабы 7-тармағы 3) тармақшасының ұсынылып отырған тоғызыншы абзацын алып тастау ұсынылады. | |
| 14. | Жобаның 1-бабы 7-тармағы 3) тармақш | 24-бап. Кепілдік беру қоры<br>…<br>2. Көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысын аяқтауға | 3) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:<br>«24-бап. Бірыңғай оператор<br>…<br>Бірыңғай оператор «Жылжы- | **«ипотека туралы,»** деген сөздер алып тасталсын;<br><br>**«және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің** | **Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті** | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | асының он бірінші абзацы<br><br>*«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының 24-бабы* | кепілдіктер беру Кепілдік беру қорының негізгі қызмет түрі болып табылады. | майтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қызметтен бөлек, мына қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:<br>…<br>Бірыңғай операторға Қазақстан Республикасының **ипотека туралы,** сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында **және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде** жүктелген қызмет. | **актілерінде»** деген сөздер «**, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде және жарғыда**» деген сөздермен ауыстырылсын. | Заң жобасының 1-бабы 7-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацына, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабына сәйкес келтіру. | |
| 15. | Жобаның 1-бабы 7-тармағының 5) тармақшасы<br><br>*«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының* | 32-бап. Өтінімді қарау<br>…<br>4. Өтінімді қарау мерзімі құрылыс салушы мен уәкілетті компания кепілдік беру туралы шартты жасасу туралы жүгінген күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс. Қаралатын өтінім бойынша ескертулер болған кезде Кепілдік беру қоры ескертулерді жою үшін бес жұмыс күнінен аспайтын мерзім белгілей отырып, тиісті құжаттарды пысықтауға жіберуге | 5) 32-баптың 4-тармағында:<br>«он бес» деген сөздер «жиырма» деген сөзбен ауыстырылсын;<br>**«Кепілдік беру қоры» деген сөздер «Бірыңғай оператор» деген сөздермен ауыстырылсын.** | 5) тармақшада:<br><br>бірінші және екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:<br>«5) 32-баптың 4-тармағындағы «он бес» деген сөздер «жиырма» деген сөзбен ауыстырылсын.».<br><br>үшінші абзац **алып тасталсын.** | **Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті**<br><br>Заң техникасы.<br>Заң жобасының 1-бабы 7-тармағының 1) тармақшасына сәйкес келтіру. | **Қабылданды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *32-бабы* | құқылы. Бұл ретте өтінімді қарау мерзімі тоқтатыла тұрады. | | | | |

Заң жобасының мәтіні «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келтірілсін.

**Комитет төрағасы** **Н. Сабильянов**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ АППАРАТЫ ҚҰЖАТТАМАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Дұрыс: Құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі
Н. Шатбиндаев